

ӘОЖ 94 (574)

XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДА ҚОЛДАНЫСТА БОЛҒАН ҚАЗАҚ ХАН-СҰЛТАНДАРЫ, БИЛЕРІ ЖӘНЕ СТАРШЫНДАРЫНЫҢ МӨРЛЕРІ ХАҚЫНДА

Ж.М. Белтенев

ҚР Мемлекеттік орталық музейі (Қазақстан)

Аңдатпа. Автор мақалада XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ билік жүйесі өкілдерінің, яғни хан-сұлтандардың, билердің және старшындардың эпистолярлық мұраларындағы мөрлердің қолданылу аясы, түрлері, мақсаты мен қызметі туралы баяндайды. Мөрлердің тарихы ертерек дәуірлерден бастау алатындығы белгілі. XVIII ғасырда Қазақ хандығының басына күн туып, Ресей империясына еріксіз түрде бодан болды. Патшалық Ресей қазақтың үш жүзінің арасына от салып, билеп төстеудің алуан түрлі әккі саясатын қолданды. Хандық жүйе құлағаннан кейін ел басқаруда аға сұлтандық және билер институттары құрылды. Қазақ хандығы құрамындағы осы үш жүздің билік жүйесі өкілдерінің арнайы мөрлері пайда болады. Осы орайда, Орынбор облыстық мемлекеттік архивінде Кіші жүздің, Омбы облыстық тарихи архивінде Орта жүздің, ал Ұлы жүздің билеуші топтарына қатысты мөрлердің әртүрлі нұсқалары (қағазға басылған түрі) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық архивінде хат-құжаттарда соғылғандығын осы ғылыми орталықтарға арнайы ұйымдастырылған іссапаралар барысындағы іздестіру жұмыстары нәтижесінде анықталғанын айта кеткеніміз жөн. Біздің негізгі мақсатымыз зерттеу нысанына алынып отырған аталмыш хат-құжаттардағы мөрлерді түпнұсқадан дұрыс аударып, мәтін аясында берілген лауазым иелері есімдерін дұрыс оқып, анықтап ғылыми айналымға енгізу.

Тірек сөздер: деректану, сфрагистика, мөр, хан, сұлтан, билер, старшын, билік жүйесі, эпистолярлық мұра, Ресей империясы, Орталық Азия.

Сілтеме жасау үшін: *Ж.М. Белтенев.* XVIII-XIX Ғасырларда қолданыста болған қазақ хан-сұлтандары, билері және старшындарының мөрлері хақында//MUSEUM.KZ. 2023. No 3 (3). б.б. 59-67. DOI 10.59103/muzkz.2023.03.05

ОБ ИСПОЛЬЗОВАВШИХСЯ В XVIII-XIX ВЕКАХ ПЕЧАТЯХ КАЗАХСКИХ ХАН-СУЛТАНОВ, БИЕВ И СТАРШИН

Ж.М. Белтенев

Центральный государственный музей РК (Казахстан)

Аннотация. Статья посвящена изучению оттисков печати, которые сохранились в эпистолярном наследии представителей казахской власти (ханов-султанов, биев и старшин) XVIII-XIX вв. Автор статьи рассматривает сферу использования, их виды, назначения и функции печатей. Известно, что история печатей восходит к глубокой древности. В XVIII веке Казахское ханство вошло в состав Российской империи. После ликвидации ханской системы власти русскими властями для управления казахами трех жузов были созданы институты старших султанов и биев. Для этих представителей власти были введены особые печати. В результате специально организованных научных командировок в различных архивных фондах были выявлены на текстах писем и на разных документах оттиски печатей представителей казахской правящей верхушки. Так в материалах, хранящихся в Оренбургском областном государственном архиве, сохранились в основном оттиски печатей правителей Младшего жуза, в Омском областном историко-краеведческом архиве правителей Среднего жуза, а в Государственном центральном архиве РК правителей Старшего жуза. Основной целью автора статьи является ввод этих архивных материалов в научный оборот, точный перевод текстов этих печатей, правильное прочтение и определение имен должностных лиц, которым принадлежали печати.

Ключевые слова: источниковедение, сфрагистика, печать, хан, султан, биі, старшины, система власти, эпистолярное наследие, Российская империя, Центральная Азия.

Для цитирования: *Ж.М. Белтенев*. Об использовавшихся в XVIII-XIX веках печатях казахских хан-султанов, биев и старшин//MUSEUM.KZ. 2023. No 3 (3). С. 59-67. DOI 10.59103/muzkz.2023.03.05

ON THE SEALS OF KAZAKH KHAN-SULTANS, BIIS AND ELDERS USED IN THE 18TH-19TH CENTURIES

Zh.M. Beltenov

Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abstract. The article is devoted to the study of prints of seals that have been preserved in the epistolary heritage of representatives of the Kazakh authorities (khans-sultans and biis, elders) of the 18th-19th centuries. The author of the article considers the scope of use, their types, purposes and functions of seals. It is known that the history of seals dates back to ancient times. In the 18th century, the Kazakh Khanate became part of the Russian Empire. After the liquidation of the khan's system of power, the Russian authorities created institutes of senior sultans and biis to manage the Kazakhs of the three zhuzes. Special seals were introduced for these authorities. As a result of specially organized scientific trips in various archival funds, imprints of the seals of representatives of the Kazakh ruling elite were revealed on the texts of letters and on various documents. Thus, in the materials kept in the Orenburg Regional State Archive, mainly prints of the seals of the rulers of the Younger Zhuz have been preserved, in the Omsk regional historical and local history archive of the rulers of the Middle Zhuz, and in the State Central Archive of the Republic of Kazakhstan of the rulers of the Elder Zhuz. The main purpose of the author of the article is to introduce these archival materials into scientific circulation, to accurately translate the texts of these seals, and determine the names of officials who owned the seals.

Keywords: source studies, sphragistics, printing, khan, Sultan, bii, elders, power system, epistolary heritage, Russian Empire, Central Asia.

For citation: *Zh.M. Beltenov*. On the seals of kazakh khan-sultans, biis and elders used in the 18th-19th centuries//MUSEUM.KZ. 2023. No 3 (3). p.p. 59-67. DOI 10.59103/muzkz.2023.03.05

Кіріспе. Тарих ғылымдарының бір саласы деректану міндеттерінің ішіне мөрлерді дереккөз ретінде зерттеу, сараптау, олардың түпнұсқалығын, иесін анықтау, жасалған мерзімі мен орнын білу жатады. Ғасырлар бойы сан алуан тарихи іс-құжаттарды растап келе жатқан мөрлердің өздері басылып отырған жазба деректердің ішкі белгілерін (кімнің қашан, қай жерде, дәл қай уақытта жазғанын) анықтап, дәлелдеп көрсететін куәландырғыш дерек. Әрине, мөр тарихи құжаттардың қашан пайда болғандығына қатысты сауалдарға тікелей жауап бере алмаса да жанама дерек ретінде оның сырын ашуға үлкен септігін тигізеді.

Материалдар мен әдістер. Мөрлерді зерттеу жұмыстары барысында Ресей Федерациясының Орынбор облыстық мемлекеттік архиві, Омбы облыстық тарихи архиві және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық архивтерінде XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ билік жүйесі өкілдерінің Ресей шенеуніктеріне әртүрлі мақсатта жазған ресми хат-құжаттарындағы мөрлердің үлгілері пайдаланылды. Яғни, аталмыш материалдардың дені қазақ халқының үш жүзі арасындағы руаралық ішкі теке тірестер ушығып, сыртқы жаулармен болған соғыстардан әбден титықтап әлсіреп, патшалық Ресейдің боданында болуға бел байлаған қиын кезеңдерінен маңызды мағұлмат беретін ресми хат-құжаттарды куәландырған мөрлердің қағазға түскен түрлері болып табылады. Өкінішке орай, біздің заманға бұл мөрлердің түпнұсқалары басы бүтін жетпегендіктен олардың техникалық сипаттамалары (өлшемі, салмағы, жасалған металл түрінің сынамасы және т.б.) жөнінде толыққанды мәлімет бере алмаймыз. Сондықтан арнайы кестеде көрсетілгендей олардың қағазға түскен түрлі нұсқаларының сыртқы қалыптары (формалары) және лауазым иелерінің

иерархиялық жүйесі арқылы топтап көрсеттік. Мақала аясында сөз болған барлық арабжазулы мөрлердің сөзбе-сөз, жолма-жол мәтіндері қазіргі қазақ тіліне аударылып берілді. Аударма барысында әрбір мөрге жазылған билік жүйесі өкілінің есімдері қалай жазылса солай беруге тырыстық. Әрі мөр иелерінің хат-құжаттардағы мәтіндерге (арнайы хатшыға жаздырған немесе өздері жазған) қатыстылығы салыстырылып нақтыланды. Көбінесе күмістен жасалатын бұл мөрлер дереккөз ретінде ортағасырлық түркі әдеби тіліндегі тарихи хат-құжаттарда (ғылыми айналымда «шағатай», «татар» немесе «кітаби түрки» тілі деген атпен де қолданысқа ие – Ж.Б.) жиі ұшырасады.

Талқылау. Біз қарастырып отырған XVIII-XIX ғасырларға тән бұл материалдар, яғни арнайы мөрлермен расталған хат-құжаттар нұсқалары С. Кеңесбаев, Р. Сыздықова, Б. Кенжебаев, Б. Әбілқасымов және т.б. лингвист ғалымдардың қазақ тіліне қатысты ғылыми еңбектерінде пайдаланылғаны болмаса, олардағы арабжазулы мөр үлгілері туралы сөз аз айтылады. Осы хат-құжаттар тақырыбына байланысты тарихи-деректанулық тұрғыдан ғылыми еңбектер жазған ресейлік зерттеушілер – М.П. Вяткин, В.Я. Басин, А.И. Левшин, В.В. Вельяминов-Зернов, В.А. Моисеевтермен қатар отандық тарихшы ғалымдар – Р.Б. Сүлейменов, Ж.Қ. Қасымбаев, С. Зиманов, М. Әбдіровтың, А.И. Исин, Н.Г. Аполлова, И.В. Ерофееваларды атап өтуге болады.

Орыс ғалымы М.П. Вяткиннің 2002 жылы жарық көрген «Батыр Срым» атты еңбегінде аталмыш хат-құжаттардағы мөрлер мен олардың иелері жөнінде бірсыпыра мәліметтер айтылады. Қазақ билік жүйесі өкілдерінің эпистолярлық мұраларындағы бұл мөрлер ортағасырлық қазақ хандығы кезеңін зерттеуші ғалым И.В. Ерофееваның «Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время) атты ғылыми жұмысында жазуы оқылған түрінде түрлі-түсті фотосуреттерімен бірге жеке дара беріледі.

Осы тұста жапондық екі ғалым Нода Жин (Noda Jin) мен Охума Такахироның (Ohuma Takahiro) «A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty – Қазақ сұлтандарынан бастап Цинь династиясына дейінгі құжаттар жинағы» атты 2010 жылы ағылшын тілінде жарық көрген ғылыми еңбегін ерекше атап өткеніміз жөн. Авторлар өз еңбектерінде Цинь әулеті мен Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі Қазақ хандығы арасындағы (XVIII ғ. ортасынан бастап XIX ғ. ортасына дейін Патшалық Ресейге түбегейлі қосылған кезең) саяси-экономикалық байланыстар аясында жазылып, мөрлері басылған қазақ хан-сұлтандарының хат-құжаттары (ойрат және араб әріптерімен шағатай тілдерінде) зерттеледі.

Сондай-ақ 2020 жылы «Ұлы дала тарихы мен мәдениеті» ғылыми бағдарламасы аясында басылып шыққан «Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы 5-том» атты ұжымдық монографиядағы «Мөрлердің тарихи бейнесі және қасиеттілігі» атты арнайы бөлімінде осы тақырып ғылыми-танымдық тұрғыдан тың көзқарастармен жан-жақты зерделенеді.

Зерттеу нәтижелері. Мөрлерді зерттейтін ғылым сфрагистика деп аталады. Тарихи қосалқы пәндердің қатарында сфрагистика ғылымының алатын орны зор. Музейлік деректану саласы сфрагистика ғылымымен тығыз байланысты дамып отырады. Сфрагистика ғылымы алғашында дипломатика ғылымының бір саласы ретінде актілердің мазмұнын, көлемін анықтаушы рөл атқарып, құжаттың уақытын, түпнұсқалығын немесе жасандылығын анықтап отырды. Кейін мөрлер сфрагистика ғылымының негізгі зерттеу нысанына айналды. Музей қорларындағы мөрлер тарихи дерек ретінде аса құнды мәліметтер бере алады [Райымхан, 2012: 216].

Мөрдің шығу тарихы антикалық дәуірлерден бастау алады. Шамамен б.д.д. V-X ғасырларда мәдениеті дамыған Ассирияда, Бабылда, Мысырда, Урартуда цилиндр пішінді тас мөрлер қолданыста болған. Мысырда кейбір ғибадатханаларды (Осирис, Абидос) мемлекеттік талаптар мен міндеттерден босатуға билеушінің суреті бар мөрлерлері басылатын, сондай-ақ билік иелерінің бұйрығы, саудагерлердің келісімі де мөр арқылы бекітіліп отырды.

Ежелгі көшпелі қоғамда мөр қолданылғаны жайында жазба деректер баршылық. Далалық көшпелілердің әсіресе көне түріктердің қаған, йабғұ, шад, хан, тархан, бек, әскери

қолбасшылары мен батырлары секілді билік иелері арнайы мөр тұтынған. Мөрлер түрлі халықаралық қатынастар мен байланыстарды реттеуде, еларалық және ішкі-сыртқы мемлекеттік істерді басқаруда, оның ішінде, ру-тайпалық қарым-қатынастардағы бір пәтуаға келген келісімдерді, хат-құжаттарды растайтын куәлік ретінде кеңінен қолданылды. Мысалы, көне түрік дәуіріне қатысты «Құтлұқ» деген лауазымдық атағы жазылған қола мөр табылған. Жазба деректерде кездесетін көне түрікше «тамға, тамғачы» дегені сол мөр-таңбалардың көне аталымын, оның ресми түрде қолданғанын, мөрлердің арнайы сақтаушысы болғандығын айғақтайды [Белтенев, 2006: 5].

Қазақ жерінің Ресейдің қол астына қарауы XVIII ғасырдан бастап жоғарғы хандық биліктің әлсіреуіне, жүздердің оқшаулануына, соған орай хан ықпалының бірте-бірте әлсіреп XIX ғасырдың екінші жартысында тіпті жойылуына әкеп соқты [Қартаева, 2004: 370].

Патша өкіметі әскери басқару жүйесіне бағынатын мемлекеттік органдар ретінде өз жұмыстарын отарлау негізінде жүргізді. Қазақ жерлерін отарлау кезеңінде Ресей әкімшілігі Солтүстік Кавказдағы отарлау мен басқару тәжірибесін қолданды. Отарлау саясатының ең басты міндеті қоғамдық қатынастар ережелерін жергілікті халықтың ережелеріне ұқсас қалыптастыру еді. Осы мақсатта қазақтардың қарапайым құқық ережелері жиналып, зерттеу жүргізіледі. Бұл әдіс Қазақстанның Жетісу, Сырдария облыстарын отарлауда кеңінен пайдаланылды.

1886-1891 жылдары Ресей империясы жергілікті халықты басқару құрылымын заңды түрде екі рет қарастырып бекітеді. Осы заңдардың негізінде Орталық Азия мен Қазақстан және Батыс Сібір әкімшіліктік басқару құрылымының ортақ жүйесі қалыптасты. 1891 жылғы заңға байланысты облыстағылар уезд басқармаларын қадағалады. Сол кездегі құжаттардан бізге мәлім болғандай қазақ елінің халқы болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Орыс шенеуніктері көшпелі елді билеуде неше түрлі құйтыртқы әрекеттерге барды. Патшалық Ресейдің көшпелі елге қарсы қолданған осындай «бөліп тастада билей бер» деген жымысқы саяси заңдарының астарында қазақ елін түгелдей уысында ұстау болғандығы бәрімізге мәлім. Талай ғасырлар бойы қазақ елінің (жүздерінің) басын біріктіруде ұйытқы болған хандық құрылымды таратып, кейін сұлтандар, билер, старшындар институттарын ойлап шығарды. Осындай әрекеттер көшпелі қазақ қоғамының арасында неше түрлі іріткі тудырды.

Көшпелі қазақ қоғамында әлеуметтік билеушілердің жоғарғы тобын Шыңғысхан ұрпақтарынан тараған ақсүйек хандар мен сұлтандар және билер және болыстар құрады. Алғашқы қазақ хандары заманынан бері қарай билік иерархиясында хандық мирасқорлық дәстүрі сақталып келді. Мұрагерлік жолмен сайлану дәстүрі болмаған жағдайда хандарды билер, сұлтандар мен батырлар арнайы құрылтайда сайлады.

Көшпелі қазақ елінің беделі зор әрбір билеушісінің өзара бір-бірінен ерекшелентетін байрағы мен жеке тұлғалық мөрлері болғаны рас. Соның ішінде мемлекеттік маңызды құжаттарды төрт ғасырға жуық куәландырып келген көшпелі қазақ билеушілерінің мөрлері елдің ең ерекше белгісі құрметіне ие болды [Ерофеева, 2001: 102-103].

Қазақ хандығы дәуірінде қазақ хандары мен сұлтандары билік пен төреліктің мемлекеттік белгісі ретінде арнайы мөрлі жүзік қолданған. Дәстүрлі қазақы ортадағы мөрлі жүзіктердің сыртқы пішіні көбінесе күмістен жасалынған қарапайым жүзіктерге ұқсастығымен назар аудартада, атқаратын қызметі өте салмақты болды [Шойбеков, 2017: 388]. Сондай-ақ арнайы құтысы бар мөрлер де болды. Хан, сұлтан мөрлері негізінен «құсмұрын» немесе «жапырақша» пішінді болып келді. Олардың беткі жағына мөр иесінің атақты атасы мен әкесінің, өзінің толық аты-жөні және «хан», «сұлтан», «би», «старшын» атағы көркем нақышталып жазылды. Мұндай мөрлерді хан, сұлтан, билер, старшындар ғана қолдануға құқылы болды. Бұл куәландырғыш белгілерді қазақ хандары мен сұлтандары және билері сыртқы халықаралық қатынастарда, өзара хат алмасуда, ішкі істерді жүргізуде, әр түрлі заң-құқықтық құжаттарды растауға кеңінен қолданды [Белтенев, 2014: 17].

Қазақ қоғамындағы билік жүргізуші феодалдық тап пен Паташалық Ресейдің әртүрлі әскери шендегі шенеуніктерінің арасындағы өзара хат алмасуларынан (переписка) белгілі бір тұлғаның жеке басының көзқарастарын немесе сол адамның билігі жүрген тайпаның, кейде

тіпті тұтас елдің (жүздің) саяси-әлеуметтік, сауда-экономикалық мақсат-мүддесін көздеген ахуалын байқауға болады [Белтенев, 2010: 155].

Жоғарыдағы аталып өткен мөрлер талай тарихи құжатқа куәландырғыш белгі ретінде басылып отырды. Сол архив құжаттарындағы сфрагистикалық деректер және олардың заттай айғағы болып табылатын музейлер коллекцияларында сақталынып отырған мөрлер жеке зерттеу нысаны ретінде ерекше ден қойып зерттеуді талап етеді. Күні бүгінге дейін қазақ зерттеуші тарихшылары мен этнографтары тарапынан ата-бабаларымыздың мөрлері назардан тыс қалып, кешенді түрде зерттелмеді десек те болады. Арғысын айтпағанда Шыңғысхан империясынан бастап, Алтын Орда, Жошы мен Шағатай ұлыстары, Қазан мен Қырым хандықтары, Ноғай ордасы мен Қазақ хандығы тұстарынан бері қолданыста болған мәдени-тарихи ескерткіштердің қатарына жататын бұл мөрлер орыс зерттеуші ғалымдарының назарына да кештеу ілікті. Тек белгілі бір себептерге байланысты қазақ жерінде өмір сүрген орыс ғалымдарының еңбектерінен осы салаға қатысты там-тұмдап болса да деректер алуға болады. Солардың бірі белгілі ғалым М.П. Вяткин өзінің «Сырым батыр» атты еңбегінде дәстүрлі қазақ қауымының билеуші аристократиясының өкілдері – хандар мен сұлтандардың, билер мен батырлардың, болыстар мен старшындардың мөрлері туралы бұлай деп қысқаша шолу жасайды: «...мұндай құжаттар татар молдаларының тарапынан шағатай тіліне жақын шартты кеңселік тілде жазылған. Олар кімнің атынан жазылса солардың мөрлері немесе таңбаларымен бекітіліп отырды. Бір қызығы, бұл құжаттардың тілінде кездесетін көптеген араб және парсы элементтерімен қоса орыс лексикасынан енген кірме сөздер де болды» [Вяткин, 2002: 26-27].

Орайы келгенде айта кететін мәселе М.П. Вяткин қарастырып кеткен мұндай құжаттар бүгінгі күнге дейін Омбы, Орынбор Мемлекеттік тарихи архивтері мен Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатының қорларында сақтаулы. Олардың денін XVIII-XIX ғасырлардағы қазақтың үш жүзінің жоғары лауазым иелерінің Ресей патшалары мен түрлі деңгейдегі әскери шенеуніктеріне жазған «прошение», «уведомление», «донесение» түрінде жазған хат-құжаттары құрайды.

Жапондық ғалымдар Нода Жин мен Охума Такахиро өздерінің «A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty – Қазақ сұлтандарынан бастап Цинь династиясына дейінгі құжаттар жинағы» атты ғылыми еңбектерінде 1757-1820 жылдар арлығындағы қазақ хан-сұлтандарының (Әбулфейіз, Абылай, Хан Қожа, Ғұбайдулла және т.б.) 16 хат-құжатын (3 ойрат, 13 араб әріптерімен шағатай тілінде) зерттеп, олардың жүйеленген арабша мәтіндері, ағылшын тіліндегі аудармалары, латын графикасындағы транскрипцияларымен қоса мөрлеріне де арнайы тоқталады [Noda Jin, Ohuma Takahiro, 2010: 22].








Тарихи терең маңызы бар мұндай құжаттардағы мәтіндерді растап отыру үшін «құсмұрын» немесе «жапырақша» пішінді сопақ, дөңгелек және сегіз қырлы пішіндегі мөрлер басылып отырған. Бұл мөрлерде ешқандай сурет болмайды. Мөрде оның иесінің қандай тайпадан, рудан екендігі де көрсетілмейді, тек ныспысы (өзінің, әкесінің аты-жөні) және титулы (хан, сұлтан, би немесе старшина) жазылады. Әдетте хан, сұлтан атағын иемденген ақсүйек билеуші таптың мөрлерінің ұшы сүйірлеу келген «құсмұрын» пішінді, оларға біртабан жақын қожа, қазы, ишан сияқты бұқара халыққа иллаһи жолымен білім үйретіп, пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) жолынан таймауды насихаттайтын дін өкілдерінің солардыкіне ұқсас сопақшалау болды. Ал қара қазақтан шығып, ел жүгін арқалай жүріп зор беделге ие болған атақты батырлар мен қара қылды қақ жарған, орақ ауызды белді билердің мөрлерінің пішіні дөңгелек немесе қырлы болып жасалынды. Жан-жағы шығыс үлгісінде өрнектелген мөрлердің арабжазулы лауазымдары мен есімдерінің орыс тілінде қатар берілгендері, кейде таза орыс тілінде (арабшасыз) жазылғандары да кездеседі (Кесте).

Сол дәуірлерге тән тарихи құжаттардан көріп отырғанымыздай мөр көбінесе құжатта баяндалған мәтіннің соңына қойылды. Егерде мәтін жеке тұлғаның (хан, сұлтан немесе қарадан шыққан қарапайым би немесе батыр) атынан жазылса, онда жалғыз адамның мөрі қойылды. Ал құжат белгілі бір ру-тайпалық бірлестікке кіретін ақсақалдар мен ел ағалары

болып саналатын бір топ адамның атынан жазылса, онда мәтіндегі әр тұлғаның аты-жөнінің тұсына олардың ру таңбалары салынып, сол ру немесе тайпа ішіндегі атқамінер атақтыларының бірнешеуінің мөрлері соғылып, куәландырылып отырды. Қазақ билік иелеріне тән бұндай әрекет жазылып отырған хат-құжаттың әсіре маңыздылығын арттыра түссе керек. Әдетте, жеке билік иесі атынан жазылған хат-құжаттардағы мәтін соңына соғылған мөр «инанмақ үчүн мүһрімні баштұм – илану үшін мөрімді бастым» деген сөйлемдермен бекіп, қуатталып отырды.

Қазақ жерінде немесе Орталық Азия хандықтарының бірінде алтыннан, күмістен соғылған мөрлер әдетте оң қолдың сұқ саусақтарына тағылды. Алтыннан жасалған жүзік мөрлер қолданыста аз болған, оның өзіндік себептері де жоқ емес, біріншіден ислам діні ер адамдарға алтыннан жасалған бұйымдарды тағынуға рұқсат бермеді [Қартаева, 2020: 428]. Екіншіден, тек қана ерекше бір жағдайда ғана сыйға тартылатын алтын мөр қолданыста болған жағдайда тек ел арасында зор бедел мен құрметке ие хандар мен сұлтандардың қолында болуға тиісті еді. Ол мөр қолданылмады, тек ерекше мемлекеттік символикалық айырқша белгі ретінде қастерленді.

Кесте. Омбы облыстық тарихи архивіндегі XVIII-XIX ғғ. қазақ билік жүйесі өкілдерінің хат-құжаттарындағы мөрлердің түрлері

<p>Хан мөрі</p>  <p>Абылай хан бин Баһадүр Уәли Сұлтан (Ф. 1. Оп. 1. Д. 116. Л. 151)</p>		
<p>Сұлтандар мөрі</p>  <p>Әбулфайз Баһадүр Сұлтан (Ф. 1. Оп. 1. Д. 176. Л. 168 об)</p>	<p>Билер мөрі</p>  <p>Шоң би бин Айди́ке мұһрі (Ф. 3. Оп. 1. Д. 1135. Л. 116 об-117)</p>	<p>Старшындар мөрі</p>  <p>Маңдай бин Тақтам старшина мұһрі (Ф. 6. Оп. 1. Д. 164. Л. 75)</p>
 <p>Пірәлі бин Ғаббас Сұлтан мұһрі (Ф. 6. Оп. 1. Д. 164. Л. 75)</p>	 <p>Наурызбай би бин Шәуке мұһрі (Ф. 3. Оп. 1. Д. 1135. Л. 116 об-117)</p>	 <p>Тобыл болыстық старшинасы Байғозының мұһрі (Ф. 6. Оп. 1. Д. 3. Л.)</p>

	 <p>Сұлтанның орыс тілді мөрі (Ф. 3. Оп. 1. Д. 1598. Т. 1. Л. 6 об)</p>	 <p>Шорман би бин Күшік мұһрі (Ф. 3. Оп. 1. Д. 1135. Л. 116 об-117)</p>	<p>49 об)</p>  <p>Шыбан бин Ботбай старшинаның мұһрі (Ф. 3. Оп. 1. Д. 1135. Л. 116 об-117)</p>
	 <p>Қоңырқұлжа би бин Құдайменді Сұлтан мұһрі (Ф. 3. Оп. 1. Д. 1135. Л. 131)</p>	 <p>Би Бостай Тұрсынбайұлының мөрі (Ф. 3. Оп. 1. Д. 1598. Т. 1. Л. 51 об-52)</p>	 <p>Төбет бин Жанұзақ старшина мұһрі (Ф. 3. Оп. 1. Д. 1598. Т. 1. Л. 78)</p>

Қазақ билік жүйесі өкілдерінің ішіндегі ерекше тұлғалардың мөрлері кейінгі ұрпаққа басы бүтін жетпеді. Сондықтан біз оларды тек тарихи хат-құжаттардан ғана көре аламыз. Қазақ хандары мен Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттер билеушілерінің көне хат-құжаттарындағы мөрлердің қағазға түскен үлгілерін салыстырғанда олардың өзара семиотикалық ұқсастықтарын байқауға болады. Оның бәрі тарихи тамырымыздың түбі бір екендігін аңғартса керек.

Сол замандағы мөрлердің мәтіні араб әріптерімен айнамен теріс оқылатындай (қағазға басылғанда оң болып түседі) қарсы түсіріліп жазылды. Әрі қара сиямен басылып отырды. Мөрді жасаған шеберлер олардың қағазға басылатын қасбетіндегі араб әріптерімен жазылған мәтінді қашау барысында кейбір диакретикалық (дыбысты дәл көрсету үшін әріптің асты-үстіне қойылатын белгі) таңбалардың дұрыс қойылмауы ондағы адам аттарының дұрыс оқылмауына әкеп соқтырды. Жүзік мөрлерді атқаратын қызметтеріне қарай бірнеше түрге бөлуге болады:

1. Жеке тұлғалық мөрлер
2. Әулеттік мөрлер
3. Әкімшіліктік-құқықтық мөрлер

О баста жеке тұлғалық мөрлерді бірен-саран оқыған қарапайым ғалым, саудагер адамдар болмаса, көбіне жоғары лауазым иелері (қаған, хан, сұлтан, шах және т.б.) мемлекеттік деңгейдегі іс-қағаздарды және жеке хат-құжаттарын куәландыру мақсатында пайдаланды. Уақыт өте келе осы жеке тұлғалық мөрлер билеуші әулеттің мөріне айналды. Әулеттік мөрлерді ертеде белгілі бір принциптер бойынша туыскандық одаққа кіретін адамдар ортақ қолданды. Былайша айтқанда мөрдің бетінде сол мемлекетті билеушілердің біреуінің (мыс., Аббастықтар, Омеядтықтар халифаты немесе Осман империясы) немесе әулетінің аты нақышталды. Пайғамбарымыз Мұхаммед-Мұстафаның (с.ғ.с.) күміс мөр жүзігі болған. Онда «Аллаһдан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деген жазу жазылған болатын. Сондықтан мөр белгілі бір елдің басқада мемлекеттік белгілерімен қатар ерекше рәміздік атрибутына айналды. Әкімшіліктік-құқықтық мөрлерге иелік ететін мемлекет және мемлекеттік құзырлы ұйымдар, мемлекетке қарайтын түрлі деңгейдегі мекемелер мен кәсіпорындар. Бұл мөрлер бертінгі замандарда көп қолданысқа енді.

Архивтік деректер мен музей материалдарына сүйене отырып, мөрлердің даму тарихы мен түрлеріне, олардың атқаратын негізгі функциялары туралы төмендегідей нақты тұжырымдар жасауға болады:

- мөр өз иесі жеке тұлға туралы қысқаша мәлімет берді.
- мөр өз иесінің жоғары әлеуметтік мәртебесі мен ресми лауазымын айқындады.
- мөр өзі басылған құжаттың маңыздылығын куәландырды және айғақтады.
 - мөр уақыт межесін анықтауға көмектесті.
 - мөр мемлекеттік рәміздің атрибуты қызметін атқарды.

Қорытынды. Жаңа технологиялар пайда болған бүгінгі уақытта мөрлердің сан алуан түрлері пайда болды. Қазіргі таңда оларды қолданбайтын бірде-бір мемлекеттік және жеке меншік мекемелер, жеке тұлғалар жоқтың қасы.

Әрбір мемлекеттегі жоғары биліктің өз әлеуметтік-мәдени болмысы және өзіндік соны тарихы болатыны бәрімізге аян. Мемлекеттің осы бір тарихи-мәдени өзгешелігін оның символикалық мәніне ие белгілерінің бірі мөрлерден айқын көруге болады. Заман қанша өзгерістерге ұшыраса да мөр сол қаз қалпында мемлекеттік бүкіл жарлықтардың, заңдардың, келісімдердің, бұйрықтардың шынайылығын куәландырып, мемлекеттік биліктің бөлінбес бір бөлшегі ретінде ресми жүкті көтеріп келеді.

ӘДЕБИЕТ

Белтенов Ж.М. Мөр – уақыт таңбасы / Әдебиет айдыны газеті. Республикалық әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси апталық. №20 (66), 2006 ж., 25-мамыр 5-бет.

Белтенов Ж.М. XVIII-XIX ғғ. қазақ лауазым иелерінің хат-құжаттарын тарихи дереккөз ретінде қарастыру (Омбы облыстық материалдары негізінде) // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Абай атындағы ҚазҰПУ. Отан тарихының әдіснамасы мен тұжырымдамасының өзекті мәселелері атты Қасымбаев оқулары халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Алматы қ-сы, 21-22-желтоқсан, 2010. 155-158 б.

Белтенов Ж.М. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ билік жүйесі өкілдерінің эпистолярлық мұрасындағы мөрлердің түрлері мен қызметі (Омбы облыстық тарихи архиві материалдары негізінде) // Қайнар университетінің хабаршысы. 2014. №1. 17 б.

Вяткин М.П. Батыр Срым. Учебное издание. Алматы: «Санат», 2002. 344 с.

Ерофеева И.В. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). Алматы: ИД. «Аркаим», 2001. 252 с.

Қартаева Т.Е. Қазақ қоғамының дәстүрлі саяси құрылымы және лауазымдық белгілер («Туркестанские ведомости» газеті және ҚР Орталық Мемлекеттік Музей материалдары негізінде) // Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика. I шығарылымы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Ғылым, 2004. 370-375 б.

Қартаева Е.Т. Түркі өркениетінің бастаулары және қазақтардың этномәдени құндылықтары. Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы: 5-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. 438 бет.

Райымхан К.Н. Түркілік мұраны зерттеудің деректанулық негіздері (музейлік деректану). Астана, «Сарыарқа» баспа үйі, 2012. 542 б.

Шойбеков Р. Мөрлі жүзік // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 4-том. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Н.Әлімбаев. Алматы, 2017. 388 б.

Noda Jin, Ohuma Takahiro. A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty. Tokyo: 2010. 22 p.

REFERENCES

Beltenov Zh.M. Mor – uaqyt tanbasy [A stamp is an imprint of time]. Literary field newspaper. Republican literary-cultural, social-political weekly newspaper. №20 (66), 2006, 25 may, p.5 (In Kazakh).

Beltenov Zh.M. XVIII-XIX gg. qazaq lauazym ielerinin khat-kuzhattaryn tarihi derekkoz retinde qarastyru (Omby oblystyq materialdary negizinde) [the 18th -19th centuries. to consider the correspondence of Kazakh officials as a historical source (on the basis of materials of the Omby region)]. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. KazNUPU named after Abay. Proceedings of the international scientific-practical conference Kassimbayev's readings, «Actual problems of the methodology and concept of the history of the homeland». Almaty, 21-22 december, 2010, pp. 155-158. (In Kazakh).

Beltenov Zh.M. XVIII-XIX gasyrlardagy qazaq bilik zhuiesi okilderinin epistolarlyq murasyndagy morlerdin turleri men qyzmeti (Omby oblystyq tarihi arhivi materialdary negizinde) [Types and functions of seals in the epistolary heritage of the representatives of the Kazakh government system in the 18th-19th centuries (based on the materials of the historical archive of Ombi region)]. Kainar University reporter. 2014. №1. 17 p. (In Kazakh)

Viatkin M.P. Batyr Srym. Uchebnoe izdanie [Batyr Srym. Educational edition]. Almaty: Sanat, 2002. 344 p. (In Russian)

Erofeyeva I.V. Simboly qazaqskoi gosudarstvennosti (pozdnee srednevekove i novoe vremia) [Symbols of Kazakh statehood (late medieval and modern times)]. Almaty: ID. «Arkaim», 2001. 252 p. (In Russian)

Qartayeva T.E. Qazaq qogamynyn dasturli saiasi qurylymy zhane lauazymdyq belgiler («Turkestanskije vedomosti» gazetini zhane QR Ortalyq Memlekettik Muzei materialdary negizinde) [The traditional political structure of the Kazakh society and job titles (based on the materials of the newspaper «Turkestanskije vedomosti» and the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan)]. Works of the Central Museum: museum work, history, ethnology, folklore, anthropology, data science, numismatics. Edition I (In Kazakh, Russian, English). Scientific editor Nursan Alimbai. Almaty: Gylym, 2004, pp. 370-375. (In Kazakh)

Qartayeva E.T. Turki orkenietinin bastaulary zhane qazaqtardyn etnomadeni qundylyqtary. Ortalyq Azia koshpelileri orkenietinin tarihi: 5-tom [Origins of Turkic civilization and ethno-cultural values of Kazakhs. History of Central Asian Nomadic Civilization: Volume 5.] Almaty: Qazaq universiteti, 2020. 438 p. (In Kazakh)

Raiymhan K.N. Turkilik murany zertteudin derektanulyq negizderi (muzeilik derektanu) [Data science basics of Turkish heritage research (museum data science)]. Astana: «Saryarqa» baspa uyi, 2012. 542 p. (In Kazakh)

Zhoibekov R. Morli zhuzik [Signet ring]. Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names. Encyclopedia. 4 volumes. Almaty, 2017. 388 p. (In Kazakh)

Noda Jin, Ohuma Takahiro. A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty. Tokyo: 2010. 22 p. (In English)

Автор туралы мәлімет: Белтенов Жасұлан Мәзуләұлы – Гуманитарлық ғылымдар магистрі, ҚР Мемлекеттік орталық музейінің музейлік деректану және қолжазба бөлімінің жетекшісі (050051, Алматы қ-сы, Самал-1/44, Қазақстан), <https://orcid.org/0000-0002-3640-8265>. E-mail: zhassbell@mail.ru

Сведения об авторе: Белтенов Жасулан Мазулаевич – Магистр гуманитарных наук, руководитель отдела музейного источниковедения и рукописей Центрального государственного музея РК (050051, г. Алматы, Самал-1/44, Казахстан), <https://orcid.org/0000-0002-3640-8265>. E-mail: zhassbell@mail.ru

Information about the author: Zhassulan M. Beltenov – Master of Humanities, Head of the Department of Museum Source Studies and Manuscripts of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (44, Samal-1, Almaty, 050059, Republic of Kazakhstan), <https://orcid.org/0000-0002-3640-8265>. E-mail: zhassbell@mail.ru